



ХҒТАР 14.23.17
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-173-192>

Реджио педагогикасы негізінде ересек топ балаларының ойын әрекетін дамыту

Д.А. Ердембекова*¹, А.И. Булшекбаева², Айхан Урал³

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³Гази университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: ¹dinara.erdem@mail.ru, ²bulshekbaeva@mail.ru, ³urala@gazi.edu.tr)

Аңдатпа. Зерттеу жұмысы реджио педагогикасының негізінде мектепке дейінгі ұйымдардағы ересек топ балаларының ойын әрекеттерін дамыту мәселесіне арналған. Реджио педагогикасы – балалардың табиғи қызығушылығы мен шығармашылығын қолдай отырып, олардың тұлғалық дамуына бағытталған инновациялық білім беру жүйесі. Бұл педагогикалық әдіс балаларға өз ортасын зерттеп, шығармашылық қабілеттерін дамытып, әлеуметтік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Ойын әрекеті – балалардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуының негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында мектепке дейінгі ұйымдардың ересек топтарындағы балалар бақылау және эксперименттік топтарға бөлініп, оларға әртүрлі ойын түрлері ұсынылды. Эксперименттік топта Реджио педагогикасының әдістері қолданылып, ойындар балалардың белсенді қатысуы, шығармашылық және танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік топтағы балалардың ойынға қатысу деңгейі, шығармашылық қабілеттері және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары бақылау тобына қарағанда жоғары болды. Бұл, әсіресе, топтық жұмыс, ойынға бастамашылдық таныту және шығармашылық міндеттерді шешу кезінде байқалды.

Зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасының Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізудің тиімділігін көрсетеді. Бұл әдіс балалардың жеке тұлғалық дамуына, танымдық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге ықпал ететінін дәлелдейді. Зерттеу мектепке дейінгі білім беру үдерісінде ойын әрекетінің маңыздылығын және реджио педагогикасының педагогикалық құндылықтарын кеңінен пайдалануды ұсынады.

Түйінді сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, ересек топ, әлеуметтік дағды, реджио педагогикасы, мектепке дейінгі ұйым, ойын әрекеті, педагог-тәрбиеші.

Кіріспе

Бұл мақаланың мақсаты – Реджио педагогикасы негізінде ересек топтағы балалардың ойын әрекетін дамытудың теориялық және практикалық негіздерін зерттеу. Сонымен қатар, шығармашылық пен өзіндік зерттеуге бағытталған орта қалыптастыру арқылы балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру жолдарын қарастыру.

Мақаланың міндеті – Реджио педагогикасының негізгі қағидаттарын талдау және оны ересек топ балаларының ойын әрекетін дамытуда қолдану жолдарын анықтау. Сондай-ақ, балалардың шығармашылық қабілеттері мен өзіндік зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін ойын ортасын құру тәсілдерін зерттеу.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі дайындаған «Баршаға қолжетімді сапалы білім» атты ұлттық баяндамасында айтылғандай, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, олардың әлеуетін дамыту маңызды. Бұл көзқарас, әсіресе, ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады, себебі ойын – баланың табиғи қызметі және оның жеке қабілеттерін ашып, дамытудың тиімді құралы екені анық.

Әр баланың мүдделерін, ерекшеліктерін мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың толыққанды дамуы және жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде, әлемдік тәжірибелер негізінде әлеуетін ашу жүзеге асырылады [1]. Осы тұста біз зерттеуімізге сәйкес Реджио педагогикасы негізінде ересек топ балаларының ойын әрекетін дамыту қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі екенін айта кеткіміз келеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негіздері жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік оқу бағдарламаларына және үлгілік жұмыс жоспарына қойылатын талаптар негізінде іске асырылады. Бұл, атап айтқанда, мектеп жасына дейінгі балалардың бастамасын қолдау үдерісінде балалардың қалыпты дамуын ойын арқылы дамытуды көздейді [2].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде [3] ойын баланың негізгі әрекеті болып табылады және оның дамуының басты құралы саналады. Балалар ойында әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытып, өзара қарым-қатынастарын жетілдіреді, – деп атап көрсетілген. Осы тұста біз, өз зерттеуімізде ересек топ балаларының ойын әрекетін Реджио-педагогикасы арқылы негіздей алдық.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында [4] мектеп жасына дейінгі баланың ойын әрекеті олардың танымдық және әлеуметтік дамуын ынталандыратын негізгі құрал болып табылады. Ойын барысында балалар өз тәжірибелерін байытып, қоршаған ортаны зерттейді және қарым-қатынас дағдыларын дамытатындығы баса айтылған.

Баланың мектепке дейінгі шағы адам өмірінің ең керемет кезі. Қазіргі кезде баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі маңызды мәселеге айналып отыр [5]. Бала туғаннан табиғатынан белсенді, ол өзінің жеке мүмкіншіліктерін өзі дамытқысы

келеді. Мектепке дейінгі кезең – бала өміріндегі ең бақытты шақ. Осы шақта баланың ең керемет дағдылары дамиды, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Бала – өмір айнасы. Әр ата-ана баласының жақсы тұлға болып қалыптасуын қалайды және соған барлық мүмкіндікті жасайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – білім берудің бірінші деңгейі отбасын қолдаудың маңызды институты ретінде ұлттық құндылықтарды балалардың ерте дамуының қазіргі заманғы теориялары арқылы үйлестіруге бағытталған [6].

Бүгінде балабақшалар мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру жүйесіндегі алдыңғы қатарлы мамандардың әр түрлі жаңашыл идеялары мен жобаларын тәжірибеге ендіруде. Міне, осы тұста балабақшаларда педагогикалық жаңа технологиялардың мектепке даярлау білім беру үдерісіне енгізу деңгейінің таяздығы аралығындағы балаларды мектепке даярлаудың бүгінгі өмір талабына сай ұйымдастыру қажеттілігі мен оның ғылыми-педагогикалық негіздері, мазмұндары және оны ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің толықсыздығы аралықтарында қарама-қайшылықтар туындап отыр [7].

Салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің қазіргі жағдайында, әсіресе соңғы онжылдықта бүкіл 20-шы ғасыр бойы әлемдік білім беруде кеңінен тараған педагогикалық тұжырымдамалар мен технологиялардың ұлттық білім беру жүйесіндегі бейімделу ерекшеліктерін түсіну және зерттеу үрдісі байқалады. Әртүрлі педагогикалық жүйелер бар, олардың арасында ерекше орын алған Ф.Фребельдің педагогикалық жүйесі, М. Монтессоридің педагогикасы, Вальдорф педагогикасы, Л.Кольбергтің педагогикалық жүйесі, С. Френе, А. Нилдің жаңа мектебі, Реджио Эмилияның педагогикалық концепциясы және тағы басқалары қарастырылған. Аталған педагогикалық жүйелердің әрқайсысының өзіндік философиялық негіздемесі және пайда болуының, дамуының және түрленуінің ерекше алғышарттары бар. Сонымен бірге, әлемдік педагогика үшін кез-келген педагогикалық теорияның педагогикалық ой дамуының жалпы тенденцияларынан тыс, оқшауланып дами алмайтыны маңызды. Реджио Эмилия педагогикасы оның негізін қалаушы Лорис Малагуцци болып саналады, ол балалардың ата-аналарымен бірге Реджио Эмилия қаласында (Реджо Эмилия, Италия) алғашқы балабақша ашқан. Ол өз тұжырымдамасын еркін педагогиканың гуманистік принциптеріне негіздеп, итальяндық балаларды тәрбиелеудегі шетелдік тәжірибелерді бірік-тірді, айқын қолданбалы сипатқа назар аударды. Реджио Эмилияның педагогикалық концепциясы екі негізгі бағытқа негізделген: – балалық шақты ерекше деп тану, адам тұлғасының дамуындағы құнды кезең; – еркін өз бетінше әрекет етуде бала тұлғасының бірегейлігі дамиды [8].

Ойын арқылы қазақ балалары өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түскен. Ойынды қазақ халқы тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қарамаған. Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті, болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында, баршаға тең еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған. Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына есейіп, өсуіне пайдасын тигізеді. Манаш ұлы Тұяқбай жырында: «Балалармен ойнайды, ойнап жүріп ол бала, кеудеге ақыл ойлады», – деп ойынның ойлауға да көп маңызы барын айтады.

Ұлттық психика ойынның өреге қатысты саласында ерекше көрінеді, өйткені өнер адамының өз саласын көркем түрде қабылдап алу ерекшеліктерін, біртіндеп қалыптасқан халықтық эстетикалық талғамдарын көрсететін қоғамдық сананың бір формасы [9].

Реджио педагогикасы балалардың табиғи қызығушылығы мен өзін-өзі тануға деген ұмтылысын қолдайтын инновациялық және балаға бағытталған білім беру әдісі болып табылады. Бұл педагогикалық жүйенің негізінде ойын үлкен орын алады, себебі ол балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ойынның бала дамуына және тәрбиесіне пайдасы туралы толығырақ қарастырайық.

Танымдық дамуы қалыптасады, өйткені ойын балалардың танымдық дамуының негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ойын барысында балалар қоршаған ортаны зерттеп, жаңа білім мен дағдыларды меңгереді. Олар әртүрлі түсініктер мен ұғымдарды, мысалы, түс, пішін, сан, уақыт және кеңістік туралы түсініктерді дамытады. Мысалы, конструкторлармен ойнау арқылы балалар геометриялық фигуралар мен олардың қасиеттерін таниды, ал рөлдік ойындар арқылы әлеуметтік және мәдени рөлдерді меңгереді.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары дамиды, себебі, ойын балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға үлкен әсер етеді. Ойын барысында балалар бір-бірімен өзара әрекеттесіп, қарым-қатынас жасауды, өз сезімдерін білдіруді және басқа балалардың сезімдері мен қажеттіліктерін түсінуді үйренеді. Бұл олардың эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуына ықпал етеді. Сонымен қатар, топтық ойындар балаларға ынтымақтастық пен бір-бірін қолдауды үйретеді, бұл олардың ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастырады.

Балалар физикалық дамиды өйткені, қимыл-қозғалыс ойындары балалардың моториканы, үйлесімділікті, дене қимылдарын бақылауды және дене күшін дамытуға көмектеседі.

Балалар түрлі физикалық белсенділіктерге қатысу арқылы өз денесін жақсырақ түсінуге және бақылауға үйренеді. Мысалы, сыртқы алаңда ойнау, жүгіру, секіру және басқа да қимылдар олардың денсаулығын нығайтады және физикалық төзімділікті арттырады. Баланың шығармашылығы артады себебі, Реджио педагогикасында ойын шығармашылықтың негізгі элементі ретінде қарастырылады. Балалар өз қиялын пайдаланып, жаңа дүниелер ойлап табады, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады. Шығармашылық ойындар балаларға өз ойларын, сезімдерін және қиялдарын білдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, сурет салу, мүсін жасау, музыкамен айналысу сияқты шығармашылық әрекеттер балалардың өнерге деген қызығушылығын оятады және шығармашылық ойлауды дамытады.

Балада тәрбиелік құндылықтар қалыптасады. Ойын барысында балалар тәрбиелік құндылықтарды, мысалы, адалдық, әділдік, құрмет және жауапкершілік сияқты құндылықтарды игереді. Ойын арқылы балалар ережелер мен шектеулерді түсініп, сақтауды үйренеді, бұл олардың өзін-өзі реттеу қабілеттерін және тәртіпті сақтауға деген дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ойын балаларды тәртіпке, өзін-өзі реттеуге, ынтымақтастыққа және жоғары тәрбиелік құндылықтарға баулиды.

Қазіргі кезде Реджио педагогикасы негізінде жұмыс істейтін балабақшалар жылдан жылға артып келеді. Қазіргі кезде аталмыш технологиямен қарқынды жұмыс істеп жатқан Қазақстан балабақшалары (Реджио балабақшалар): ҚР ПІБ Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы (Астана), № 95 «Алматы» балабақшасы, Аламан балабақшасы (Шымкент), Aina-Reggio (Астана), Open Space (Алматы), Reggio-Aktobe (Ақтөбе) және т.б.

Италиядағы Реджио Эмилия (Reggio Emilia) педагогикасы әлемдегі ең танымал мектепке дейінгі білім беру әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс балаға деген ерекше

көзқарасты, оның тұлғалық дамуына және шығармашылық қабілеттерін дамытуға баса назар аударады. Реджио Эмилия әдіснамасының маңызды компоненттерінің бірі – ойын әрекеті, ол балаға өзіндік зерттеуші ретінде көрінуге, өз ойлары мен идеяларын еркін түрде білдіруге мүмкіндік береді. Жалпы Реджио педагогикасының негізгі қағидалары бар:

1. Баланы құрметтеу және оның көзіне қарау

Реджио педагогикасындағы ең маңызды нәрсе: бала өзін үлкен немесе кіші ұжымның бір бөлігі деп санайды, онда ол басқа сияқты құнды - бұл бала, ата-ана, тәрбиеші болсын, маңызды емес. Біз ата-аналарға: біз бала деңгейіне түспеуіміз керек, бірақ оған көтерілуіміз керек. Және бұл тура және бейнелі мағынада. Біз олармен сөйлескенде балалардың көзіне қаншалықты жиі қараймыз? Біз балаға үнемі жоғарыдан қараймыз, ал ол бізге төменнен қарайды. Ол не көреді? Біз баламен бір деңгейде болуымыз керек.

2. Ережелерді түсіндіріп, сұрақ қойыңыз

Бала сіздің ойыңызды біле алмайды, одан не қалайтыныңызды болжай алмайды. Негізгі міндет-ережелер бар екенін түсіндіру. Бұл кеңістікте кейбір ережелер болуы мүмкін, басқа кеңістікте басқалары болуы мүмкін. Біз стадионда театр сияқты әрекет етпейміз-тіпті біздің киіміміз де мүлдем басқа. Біз балаға осы ережелерді таратуымыз керек.

3. «Қате» емес, «басқаша»

«Аспан қызыл!» – дейді бала. Түзетуге асықпаңыз, өйткені бұл ойлануға түрткі болады: аспан қызыл болуы мүмкін бе? Бұл қандай да бір зерттеуге, білімді кеңейтуге түрткі болуы мүмкін. Біз тоқтап: «Жоқ, олай емес!» Балаңызбен бірге бұл қашан болуы мүмкін екенін түсінуге тырысу керек пе? Мұны көруге бола ма? Мен аспанның қандай болуы мүмкін емес екенін білмеймін. Яғни, ата-ана осы тұста балаға үзілді-кесілді жауап бере салмай, бала ойымен санасуды үйренеді.

4. Таңдау ұсыныңыз және асықпаңыз

Реджио педагогикасындағы бүкіл блок таңдау тақырыбына арналған, бұл өте маңызды нәрсе. Бірақ біз балаларға таңдау жасауды үйретпес бұрын, біз оған дайын болуымыз керек нәрсеге қайта ораламыз. Біз асықпауымыз керек-бұл негізгі ережелердің бірі.

5. Кез келген жағдайда оқу

Реджио педагогикасында мынадай қағида бар: білім алуға нақты уақыт жоқ. Міне, сіз асхана үстелінде отырсыз. Сіз сұрақ қоя аласыз: бұл сорпа неден тұрады деп ойлайсыз? Баланың тәжірибесі бар және ол болжай алады. Сонымен, бұл апельсин сорпасы. Қызғылт сары не болуы мүмкін? А, мен білемін, асқабақ қызғылт сары! Кез-келген жерде баланың танымдық қызығушылығын арттыра беруге болады.

6. Қиялдау маңызды

Көптеген ата-аналардың басты міндеті – оқуға және санауға үйрету. Шындығында, мен де, сіз де айналаңызда мұны істей алмайтын бірде-бір адамды білмейсіз. Бірақ біз айналамызда дауласу, ойлау, кейбір жобаларды ойлап табу қабілеті жоқ көптеген адамдарды табамыз, біз оларға жоспарлау, жаңа тұжырымдамалар жасау туралы айтпаймыз. Сондықтан, біздің ойымызша, басты міндет – шығармашылық ойлауды дамыту. Біз жобалық ойлауды дамытуды насихаттаймыз, өйткені жобада қандай тақырыпты санап, тақырыптың белгілері туралы айтып, оны сызып, салыстыруға болатындығы маңызды емес [10].

Реджио балабақшаларында ойын әрекеті бала дамуының негізгі құралы болып табылады. Ойын – бұл баланың қоршаған ортаны, оның заңдылықтарын және өзара

байланыстарын танудың табиғи әдісі. Ойын арқылы балалар өздерінің ішкі әлемін, эмоцияларын, идеяларын және түсініктерін сыртқа шығарады [11].

Реджио педагогикасы бойынша ойындар тек қана көңіл көтеру емес, сонымен қатар балалардың ойлау, зерттеу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Балалар әртүрлі материалдармен, құралдармен және ортақ жобалармен жұмыс істей отырып, өздерінің креативтілік және сындарлы ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Реджио педагогикасында орта немесе қоршаған орта «үшінші педагог» ретінде қарастырылады. Балабақшадағы ортаны ұйымдастыру баланың өзін еркін сезінуіне, ойындар мен шығармашылық жұмыстарға қатысуына, зерттеу жүргізуіне жағдай жасайды. Материалдар бала үшін қолжетімді және әртүрлі болуы керек. Олар табиғи және жасанды, қайта өңделетін немесе жаңа болуы мүмкін. Балалар өздерінің ойын әрекеттерінде түрлі материалдарды қолдана отырып, оларды бір-бірімен біріктіріп, жаңа нәрселер жасайды. Бұл процессте бала өз идеяларын жүзеге асырып, нәтижелерін көре алады. Бұл әдіс баланың өзін-өзі тануына, қоршаған ортаға деген қызығушылығын оятуға, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған. Реджио балабақшаларында ойын әрекеті жиі жобалық оқыту әдісімен байланыстырылады. Балалар бір жоба шеңберінде бірнеше апта немесе ай бойы белгілі бір тақырыпты зерттеп, оны тереңдетіп, өздерінің білімі мен түсінігін арттырады. Бұл процесс балалардың ойын әрекеттері арқылы жүзеге асады, олар өздерінің жобаларын ойындар арқылы дамытуға мүмкіндік алады. Мысалы, балалар табиғат туралы жоба аясында сыртта ойнап, табиғи материалдарды жинап, оларды зерттеп, өздерінің қолөнерін жасай алады. Бұл балаларға табиғатпен қарым-қатынасты сезінуге және оны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді

Кесте 1

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын әрекеттерін Реджио педагогикасы негізінде дамыту

Тәрбиелік бағыт	Мақсаты	Әдістері мен тәсілдері	Құралдар мен материалдар	Күтілетін нәтижелер
Қозғалыс және физикалық даму	Қозғалыс белсенділігін арттыру, физикалық дамуға ықпал ету	Қозғалыс ойындары, спорттық жарыстар	Спорттық құралдар, кеңістікті ұйымдастыру элементтері	Балалардың физикалық белсенділігі артады, дене дамуы күшейеді
Тіл және қарым-қатынас	Тілдік дағдыларды дамыту, қарым-қатынасқа қабілеттілік қалыптастыру	Әңгімелер құрастыру, рөлдік ойындар, топтық жұмыс	Әр түрлі ойыншықтар, кішігірім сахналық құралдар	Балалар еркін сөйлесіп, өз ойларын нақты жеткізе алады
Әлеуметтік дағдылар	Топ ішінде жұмыс істеу дағдыларын дамыту, өзара көмек көрсету	Топтық жобалар, ұжымдық ойындар, кооперативті тапсырмалар	Бірлескен ойындарға арналған құралдар	Балалар өзара әрекеттесуге, бір-біріне көмек көрсетуге үйренеді

Зерттеу және эксперименттер	Қоршаған ортаға қызығушылықты арттыру, зерттеу дағдыларын қалыптастыру	Табиғи объектілермен тәжірибелер, жобалық жұмыстар, ғылыми зерттеу ойындары	Табиғаттан алынған заттар, зерттеу құралдары	Балалар табиғи объектілермен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді
Шығармашылық және креативтілік	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	Еркін ойындар, шығармашылық шеберханалар, сурет салу, мүсіндеу	Табиғи материалдар (жапырақтар, тастар), сурет құралдары	Балалардың жеке шығармашылық қабілеттері дамиды
Эмоционалдық даму	Эмоцияларды тану және басқару қабілеттерін дамыту	Эмоциялық ойындар, рөлдік ойындар, сурет салу арқылы өз сезімдерін білдіру	Кескіндеме құралдары, әртүрлі рөлдік ойынға арналған костюмдер	Балалардың өз эмоцияларын тану және басқару қабілеті артады

Бұл кесте мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын әрекеттерін Реджио педагогикасы негізінде дамытуға арналған әртүрлі бағыттарды, мақсаттарды, әдістер мен құралдарды және күтілетін нәтижелерді сипаттайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында Реджио педагогикасының негізгі принциптері мен әдістері қолданылды. Балалардың ойын әрекетін дамыту үшін табиғи материалдар, шығармашылық құралдар (қылқаламдар, бояулар, құрылыс материалдары), сондай-ақ цифрлық технологиялар пайдаланылды. Ойын кеңістігін ұйымдастыруда баланың қызығушылықтарын ескеретін арнайы орталар жасалды. Балалармен топтық және жеке жұмыс тәсілдері қолданылды, оның ішінде проблемалық сұрақтар мен шығармашылық тапсырмалар арқылы бағыттау әдісі кеңінен пайдаланылды. Деректер жинау үшін бақылау, фотовидеофиксация әдістері қолданылды.

Нәтижелер


Эксперименттік-тәжірибелік жұмысқа 25 мектеп жасына дейінгі ересек бала және бақылау тобында 26 ересек бала бойынша эксперимент нәтижелері ұсынылып отыр.

Біз анықтаушы кезеңде екі топқа да қарапайым ойындарды алдық. Ол ойындарды балалар білгендіктен аса қызығушылықтары болмады. Атап айтсақ: кім жылдам, кел ойнайық, тышқан мен мысық ойындары.

Кесте 2

Қалыптастырушы экспериментке дейін және одан кейін эксперименттік топтарда Реджио педагогикасы бойынша ересек балалардың ойынға қызығушылықтарының дамуы жиілігінің көрсеткіштері (%)

Топтар	Қалыптастырушы экспериментке дейін (%)	Қалыптастырушы эксперименттен кейін (%)
Эксперименттік топ		
Жоғары деңгей	20%	60%
Орташа деңгей	50%	30%
Төмен деңгей	30%	10%
Бақылау тобы		
Жоғары деңгей	25%	30%
Орташа деңгей	55%	55%
Төмен деңгей	20%	15%



Сурет 1. Экспериментке дейін және одан кейін эксперименттік топтарда Реджио педагогикасы бойынша ересек балалардың ойынға қызығушылығының даму көрсеткіштері

Түсіндірме:

• **Жоғары деңгей:** Ойынға қызығушылық өте жоғары, бала белсенді қатысады, жаңа идеялар ұсынады.

• **Орташа деңгей:** Бала ойында белсенді, бірақ қызығушылық деңгейі орташа.

• **Төмен деңгей:** Ойынға қызығушылық төмен, бала пассивті қатысады немесе мүлде қызықпайды.

Бақылау тобында Реджио педагогика элементтері қолданылды, мысалы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны дұрыс пайдалану, экологиялық қалдықтарды орынды пайдалану, «Үшінші педагог» әдісін қолдану. Бақылау тобында кәдімгі дәстүрлі ойындар пайдаланылды. Ал, эксперимент тобындағы балалардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда Реджио педагогикасына негізделген. Әр бағыт бойынша қолданылатын материалдар мен әдістерді қарастырдық:

1. Қозғалыс және физикалық даму. Материалдар: спорттық құралдар (доптар, секіртпелер, гимнастикалық жабдықтар), кеңістікті ұйымдастыру элементтері (баспалдақтар, туннельдер, жолақтар). Әдістер: қозғалыс ойындары: Балаларға далада немесе залда қозғалыс ойындарын өткізу. Спорттық жарыстар: Спорттық жарыстар ұйымдастыру, мысалы, жүгіру, секіру. Теңгерімділік пен координацияны дамыту: Балаларға гимнастикалық жаттығулар жасауға мүмкіндік беру.

2. Тіл және қарым-қатынас. Материалдар: ойыншықтар (қуыршақтар, жануарлар, көліктер), кітаптар мен суретті әңгімелер, кішігірім сахналық құралдар (шымылдықтар, маскалар). Әдістер: Рөлдік ойындар: Балаларға әртүрлі рөлдерді ойнауға мүмкіндік беру. Мысалы, дүкенші мен сатып алушы. Әңгімелер құрастыру: Балаларға өз әңгімелерін құрастырып, оны топқа айтуға мүмкіндік беру. Топтық жұмыс: Балаларды шағын топтарға бөліп, бірлескен әңгіме құрастыру.

3. Әлеуметтік дағдылар. Материалдар: Құрылыс материалдары (конструкторлар, блоктар), бірлескен ойындарға арналған тақталар мен карталар, жұмысқа арналған орындар

Әдістер: Топтық жобалар: Балаларға бірге жұмыс істеуге, ортақ мақсатқа жету үшін күш біріктіруге мүмкіндік беру. Ұжымдық ойындар: Барлық балаларды біріктіретін ойындар ұйымдастыру, мысалы, үлкен пазлдарды бірге жинау. Кооперативті тапсырмалар: Бірлескен тапсырмаларды орындау арқылы балалардың бір-біріне көмектесуге үйренуі.

4. Зерттеу және эксперименттер. Оларға: Материалдар: Лупалар, микроскоптар, үлкейткіш шынылар жатады. Зертханалық жабдықтар (сұйықтықтар, құтылар, пипеткалар), табиғи объектілер (жапырақтар, өсімдіктер, жәндіктер), су, құм, саз, тас сияқты материалдар. Әдістер: Тәжірибелер жүргізу: Балаларға табиғи объектілермен қарапайым тәжірибелер жүргізуге мүмкіндік беру. Мысалы, судағы заттардың қалқып шығуы. Зерттеу жобалары: Балаларға қызықты табиғи құбылыстарды зерттеу жобаларын құру. Табиғатпен байланыс: Табиғатқа экскурсиялар ұйымдастырып, балалардың қоршаған ортаға бақылау жасауы.

5. Шығармашылық және креативтілік. Материалдар: табиғи материалдар (жапырақтар, бұтақтар, тастар, құм, саз), сурет құралдары (гуаш, акварель, қарындаштар, борлар), мүсіндеуге арналған материалдар (саз, ермексаз). Әдістер: Шығармашылық шеберханалар: Балаларға табиғи материалдармен немесе қалдық материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік беру. Мысалы, жапырақтардан коллаж жасау. Еркін сурет салу: Балаларға еркін тақырыпта сурет салуға мүмкіндік беру. Мүсін жасау: Сазбен,

пластилинмен немесе басқа да мүсіндеу материалдарымен жұмыс жасау арқылы мүсіндер жасау.

6. Эмоционалдық даму. Материалдар: сурет құралдары (бояулар, маркерлер), әртүрлі рөлдік ойынға арналған костюмдер, әртүрлі бет-әлпет бейнеленген карточкалар.

Әдістер: эмоциялық ойындар: Балаларға әртүрлі эмоцияларды танып, оларды көрсетуге үйрететін ойындар өткізу. Рөлдік ойындар: Балаларға әртүрлі рөлдерді ойнап, эмоцияларын білдіруге мүмкіндік беру. Сурет арқылы эмоция білдіру: Балаларға өз эмоцияларын сурет арқылы жеткізуге мүмкіндік беру.

Бұл материалдар мен әдістер балалардың жеке және топтық шығармашылық, зерттеу, тілдік, әлеуметтік, физикалық және эмоционалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған, Реджио педагогикасының негізгі қағидаларына сәйкес келеді.

Бұл зерттеулер екі топтың да ересек жастағы балалардың ойын әрекеттерінде Реджио педагогикасының қаншалықты әсер еткендігін және екі топтың арасында мәнді айырмашылықтардың бар екендігін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу нәтижелерінен алынған көрсеткіштер ЭТ және БТ-дағы балаларға қарағанда ойын әрекетіне қызығушылықтары бойынша динамиканың біршама артқандығын байқатты.

Қалыптастырушы кезеңде эксперимент топта ересек жастағы балалардың ойын әрекеттерін дамытуда Реджио педагогикасына негізделген ойындарды ойнаттық. Олар: экологиялық таза қалдықтарды пайдаланып жасалған ойын түрлері: «Қайта өңдеу шеберханасы» ойыны, «Қалдықтардан мүсін жасау» ойыны, «Эко-коллаж» ойыны және мамандыққа байланысты «Музыкалық зертхана» ойыны, «Жас суретшілер» ойыны, «Футболистер» ойыны, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыға байланысты «Эмоциялар мозайкасы» ойыны «Эмоциялар айнасы» ойыны т.б. ойындары қолданылды.


Өзара бірлескен іс-әрекеттік қарым-қатынас саласындағы өзінің және өзгелердің іс-әрекетін бағалай алуы өз ұстанымын жүзеге асырумен қатар, әлеуметтік дағдының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл Реджио ойындарының ерекшелігі баланың сол кейіпке енуі. Шындық өмірдегідей балаға барлық ойын әрекеттеріне жағдай жасап берілуі керек.



Сурет 2. Реджио педагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі баланың ойын іс-әрекетін дамытуға әсер етуші ойын түрлері

Реджио-педагогика баланы қоршаған ортаның мүмкіндіктеріне үлкен мән береді. Баланың табиғатқа, техникаға немесе өнерге деген қызығушылығы болуы үшін жағдай жасайды. Сол себепті, мектепке дейінгі ұйымдарда балалар мен тәрбиешілерге жүргізілген жұмыста әртүрлі материалдар мен құралдарды пайдаландық: бояулар, саз, құм, қағаздың әртүрлі түрлері, ағаш, картон, кептірілген өсімдіктер, тұқымдар, жіптер, сымдар, түймелер, таспалар, тастар, қауырсындар, фольга, гуаш және тіпті қарапайым қоқыстар, т.б. Реджио педагогикасын зерттеушілер қарапайым нәрселер балаға «арнайы» ойыншықтардан гөрі қалдықтардан ойыншық жасауды көрсету және жасау көп нәрсені үйрете алады деп санайды.



Сурет 3. Мектепке дейінгі ұйымдарда Реджио педагогикасы негізінде баланың ойын әрекетінің дамуы

Эксперименттік зерттеудің нәтижелерін талдағанда, Реджио педагогикасының мектепке дейінгі балалардың ойын әрекетіне әсерін бағалауға мүмкіндік беретін маңызды мәліметтер алынған. Корреляция коэффициенттерін эксперименттік және бақылау топтарындағы мәліметтермен байланыстырсақ, төмендегідей қорытындылар жасауға болады.

Эксперименттік топ:

– Пирсонның корреляция коэффициенті ($\sqrt{-0.434}$) эксперименттік топта ойынға қызығушылық деңгейлері арасында кері байланысты көрсетеді. Бұл қызығушылық деңгейінің төменгі немесе орташа деңгейден жоғары деңгейге ауысуын білдіреді. Мысалы, бастапқыда ойынға төмен немесе орташа деңгейде қызығушылық танытқан балалар Реджио педагогикасының әсерінен айтарлықтай прогресс көрсетті.

– Спирменнің корреляциясы ($\sqrt{-0.5}$) де осы динамиканы растады, яғни ойынға қатысу деңгейлерінің рангілерінде кері байланыс байқалады.

Бұл нәтижелер Реджио педагогикасының әдістемелері (мысалы, табиғи материалдармен жұмыс істеу, зерттеу және шығармашылық жобалар) балалардың ойынға белсенділігін арттыруға оң әсер еткенін дәлелдейді.

Бақылау тобы:

– Пирсонның корреляция коэффициенті ($\sqrt{0.969}$) бақылау тобында өте күшті оң байланысты көрсетеді. Бұл топта ойынға қызығушылық деңгейлері бастапқы жағдайдан кейін де айтарлықтай өзгермегенін білдіреді.

– Спирменнің корреляциясы ($\sqrt{1.0}$) рангілердің толығымен сәйкестігін көрсетіп, балалардың қызығушылық деңгейлері тұрақты қалғанын растайды.

Бақылау тобында дәстүрлі ойын әдістері қолданылған, бұл балалардың қызығушылықтарын тұрақты деңгейде сақтағанымен, олардың ойынға қатысу белсенділігін айтарлықтай арттырмаған.

Эксперименттік топтағы балалардың ойын әрекеттеріне қызығушылығы Реджио педагогикасы әдістерін қолданудың арқасында айтарлықтай өсті. Корреляциялық талдау Реджио педагогикасының балалардың ойын белсенділігін арттыруда тиімді екенін көрсетті. Бұл әдіс баланың жеке шығармашылық және зерттеу әлеуетін дамытуға бағытталып, олардың ойынға белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Бақылау тобындағы балаларда қызығушылықтың тұрақты деңгейі осы әдістің болмауының нәтижесі болып табылады.

Талқылау және нәтижелер

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу балалардың интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының негізін қалайды. Бұл кезеңде балалардың танымдық қабілеттері, тілдік дағдылары, шығармашылық ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары қарқынды дамиды, сондықтан әлемдік әдістемелерді тәжірибеде пайдалану олардың болашақтағы оқу жетістіктеріне және өмірлік қабілеттеріне маңызды ықпал етеді [12].

Демек, мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін әлемдік технологиялардың бірі ол реджио-педагогика. Реджио педагогикасы – әлемдік деңгейде танылған, балалардың еркін шығармашылығын, зерттеу және өз бетімен білім алу қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту жүйесі. Бұл педагогикалық тәсіл Италияның Реджо-Эмилия қаласында пайда болып, бүкіл әлемде танымалдыққа ие болды. Төменде осы әдістің маңыздылығын зерттеген авторлардың көзқарастары талданады.

Lena және Marit (2024) бұл зерттеу Реджио педагогикасының негізгі қағидаттарын қолдану арқылы ересек топ балаларының ойын әрекетін жетілдіру мақсатына сәйкес келеді. Балалардың кәсіби дамуын арттыру арқылы балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін қолдау мүмкіндігі күшейеді. Сондықтан бұл зерттеу Реджио педагогикасы негізінде ойын әрекетін ұйымдастыруда тиімді басқару тәжірибесін енгізуге ықпал ете алады [13].

Зерттеу нәтижесінде балалардың ойын әрекеті қарапайым рөлдік ойындардан бастап, біртіндеп күрделі сценарийлер мен шығармашылық жобаларға ұласты. Алғашында балалар күнделікті тұрмыстық жағдайларды бейнелеп, негізгі әлеуметтік рөлдерді игерсе, кейіннен өз қиялдарына сүйене отырып, ерекше идеялар мен кейіпкерлерді ойлап таба бастады. Ұйымдастырылған орта мен қолдаудың арқасында балалардың

ойындары мазмұнды, бай және үйлесімді бола түсті. Олар топтық жұмыста бір-бірімен пікір алмасып, бірлескен шешімдер қабылдауға үйренді. Нәтижесінде балалар еркін шығармашылыққа жетіп, өз ойындарын өздері жоспарлап, ұйымдастырып және жүзеге асыру қабілеттерін көрсетті.

Markovic, L., Petrovic, A., және Mariokov, MJ. (2015) мақаласында білім беру бағдарламаларын жаңғырту blended learning тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылатыны талқыланады, бұл Реджио педагогикасындағы баланың шығармашылық әлеуетін дамыту қағидаттарымен үйлеседі. Реджио әдіснамасы баланың ойын әрекеті арқылы білім алуына және өзін-өзі көрсетуіне негізделсе, blended learning осыны технологиялық құралдармен қолдауға мүмкіндік береді. Мақалада қарастырылған инновациялық тәсілдер баланың ойын әрекетін ұйымдастыруда цифрлық платформалар мен дәстүрлі педагогикалық әдістерді біріктірудің маңыздылығын көрсетеді. Ойын арқылы оқыту балалардың әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған, бұл blended learning-тің жеке оқыту ортасын қамтамасыз етуімен үйлеседі. Реджио педагогикасы мен blended learning тәсілдері балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін, өзара әрекеттестікті күшейтетін оқу ортасын жасауға ықпал етеді. Осылайша, мақаладағы идеялар Реджио педагогикасы негізінде ересек топ балаларының ойын әрекетін дамытудың заманауи әдістерімен үндеседі. [14].

Garth, Stig-Börje және Laura (2024) зерттеуі топтағы ұл балалардың оқу үдерісіне қатысуы мен тұлғалық икемділігінің маңыздылығын қарастырады. Бұл тұжырымдар Реджио педагогикасының баланың дербестігін, шығармашылығын және әлеуметтік өзара әрекеттесуін дамыту қағидаттарымен үндес келеді. Баланың өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, ойын арқылы оқуға ынталандыру оның білім алуға деген қызығушылығын арттырады. Осылайша, зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасы негізінде ересек топ балаларының ойын әрекетін дамытуда тұлғалық икемділік пен білім алуға белсенді қатысудың рөлін тереңірек түсінуге ықпал етеді [15].

Lauren және Chrystine (2023) зерттеуі университетаралық серіктестік арқылы технологияны білім беру үдерісіне интеграциялаудың маңыздылығын қарастырады. Реджио педагогикасы балалардың қызығушылығына негізделген зерттеушілік және шығармашылық ойын әрекеттерін қолдайтындықтан, заманауи технологияларды енгізу бұл үдерісті одан әрі дамытуға ықпал ете алады. Ойын барысында цифрлық құралдарды пайдалану баланың танымдық қабілеттерін кеңейтіп, өз бетінше зерттеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасы негізінде ересек топ балаларының ойын әрекетін инновациялық тәсілдер арқылы дамытуға қажетті теориялық және практикалық негіз ұсынады [16]. “Gaming in Education: Exploring the Benefits of Gamification in Learning” мақаласы білім беруде шығармашылық пен қызығушылықты арттыру үшін ойын элементтерін қолданудың маңыздылығын ортақ негізде зерттейді. Реджио тәсілінде ойын әрекеті балалардың дербес зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталса, геймификация оқытуды ойындар арқылы қызықты әрі мотивациялық етуге арналған әдістерді ұсынады. Екеуі де балалардың танымдық дамуын қолдап, олардың қызығушылығын арттыруға және оқу процесін нәтижелі етуге ықпал етеді [17].

Hakobyan Anna A., Ghonyan Meline S. "Games and Activities as a Means of Stimulating the Cognitive Interests of Young School Students" ойындар мен белсенді әрекеттердің танымдық қызығушылықты арттырудағы рөлін зерттейді, бұл Реджио педагогикасындағы баланың дербес қызығушылықтарын қолдаудың негізгі қағидаттарымен үндеседі. Реджио тәсілі сияқты, бұл мақалада ойындар балалардың оқу процесіне қызығушылығын арттыруға және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ерекше назар аударатыны көрсетілген. [18].

Van Kessel және әріптестері (2024) зерттеуі әлеуметтік әділеттілікті насихаттайды. Реджио педагогикасы демократиялық құндылықтарды, баланың еркін таңдауын және әлеуметтік жауапкершілікті дамытуды қолдайтындықтан, бұл зерттеу әділеттілік пен теңдік қағидаларын ойын әрекеті арқылы үйретуге негіз бола алады. Балалардың ойын барысында әлеуметтік мәселелерді талқылауы, өз көзқарасын білдіруі және әділеттілік туралы түсінігін қалыптастыруы олардың коммуникативтік және танымдық қабілеттерін дамытады. Осылайша, зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасы аясында балалардың ойын әрекеті арқылы әлеуметтік әділеттілік ұғымын игеруіне ықпал ететін әдіснамалық негіз ұсынады [19].

Pomme van de W. (2024) зерттеуі тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үдерісіндегі шиеленістерді инновациялық мысалында қарастырады. Реджио педагогикасы әр баланың жеке қабілеттерін дамытуға және білім беру ортасын теңдік пен инклюзия қағидаларына негіздеуге бағытталғандықтан, бұл зерттеудің тұжырымдары ересек топ балаларының ойын әрекетін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Ойын арқылы балалардың өзіндік зерттеу дағдыларын дамытуы, шығармашылық әлеуетін ашуы және тең мүмкіндіктерге негізделген білім алуына ықпал ету Реджио тәсілінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Осылайша, зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасы негізінде ойын әрекеті арқылы балаларға әділ білім беру ортасын құрудың теориялық және практикалық негіздерін кеңейтуге көмектеседі [20].

Hussein және әріптестері (2024) зерттеуі цифрлық ақпарат дәуірінде тәжірибелік оқытуды бағалау мәселелерін қарастырады, бұл Реджио педагогикасының баланың тәжірибелік әрекеттер арқылы білім алу қағидаттарымен үндеседі. Цифрлық құралдар мен технологияларды ойын әрекетіне біріктіру балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, өз бетінше білім алуына мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасы аясында ересек топ балаларының ойын арқылы білім алуын технологиялық ресурстарды пайдалану арқылы байытуға ықпал етеді [21].

Қорытынды

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын әрекеттерін дамытуда Реджио педагогикасы маңызды рөл атқарады. Бұл педагогикалық тәсіл баланың қызығушылықтарын ескере отырып, оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған. Реджио педагогикасы арқылы балалар өздерін еркін сезініп, шығармашылық қабілеттерін ашады және зерттеу дағдыларын дамытады. Реджио әдісі балаларға қоршаған ортаға саналы түрде қарауға, өз ойын еркін білдіруге, және ұжымдық жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқу

үдерісінде баланың тәжірибесі мен қызығушылығын басты назарға алу, олардың жеке даму траекториясын қалыптастыруға септігін тигізеді. Осылайша, Реджио педагогикасы балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын, сондай-ақ өзін-өзі тану мен басқару қабілеттерін дамытуда тиімді әдіс болып табылады.

Реджио педагогика негізінде «балаларға байсалдылық танытатын және тіпті ең кішкентайлар еркін және демократиялық қоғам үшін қажетті ынтымақтастық пен сыни ойлау дағдылары мен құндылықтарын игере алатын» балабақшалар құрылу қажет. Бұл балаларға азаматтық міндеттемені және білім берудің динамикалық және тартымды процесс ретіндегі көзқарасын көрсетеді.

Жалпы, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын әрекеттерін дамытуда реджио-педагогикасын қолдану балаларды жан-жақты дамытуға, шығармашылық ойлау мен өздігінен үйрену дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Реджио педагогикасы балалардың табиғи қызығушылығы мен шығармашылығын қолдайтын және олардың өзіндік жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасайтын жүйе ретінде әлемде кеңінен танылған. Бұл әдістің маңыздылығы балалардың білім алу үдерісіне белсенді қатысуы мен педагогтың бағыттаушы рөлі арқылы балалардың қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен айтар болсақ, Реджио педагогикасы мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс балалардың қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін және өз бетімен ойлау дағдыларын қолдауға бағытталған. Ойын арқылы бала өзін еркін сезініп, қоршаған ортаны зерттеуге, өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бала мен педагогтың серіктестік қарым-қатынасы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етеді.

Авторлардың үлесі

Д.А. Ердембекова – жұмыстың концепциясына немесе дизайнына елеулі үлес қосты, талдап жинақты, мәтіннің мазмұнына сыни шолу жасады.

А.И. Булшекбаева – эксперименттің қорытынды нәтижелерін шығарды.

Айхан Урал – деректердің сенімділігіне байланысты мәселелерді зерттеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндама жобасы. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 27.09.2023 ж.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.
5. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР. Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы.

6. Ердембекова Д.А. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі Реджио педагогика (баланың 100 тілі): оқу-әдіст. құрал – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 188 б.
7. JiYoung Lee, Jone Sagastui, Christoph Mischo, Allyson, S. Masters, Svenja Peters, Katrin Wolstein, Roberta Michnick Golinkoff, Kathy Hirsh-Pasek. Understanding cross-cultural differences in pedagogical beliefs: A comparison among South Korean, Spanish, and German early childhood teachers. *Teaching and Teacher Education*. Volume 148, 2024, 104704. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X24002361>
8. Ердембекова Д.А., Булшекбаева А.И., Саткенова Ж.Б. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік дағдысын Реджио Эмилия технологиясы негізінде дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы №3 (409) may – june 2024. 62-76 б. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.752>
9. Әубәкірова Ж.Қ. «Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас тренингін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Психол. ғыл. канд...дисс. Астана 2001. 158 б.
10. Edwards, C. (1998). *The Hundred Languages of Children: The Reggio Emilia Approach-Advanced Reflections*. *Early Childhood Research & Practice*. <https://eric.ed.gov/?id=ED425855>
11. Svensson, F. (2024). The (Im)possibility of Education: Theory and Method in Paolo Freire's *Pedagogy of the Oppressed* and Gayatri Spivak's *Righting Wrongs*. *Dialogic Pedagogy: A Journal for Studies of Dialogic Education*, 12(1), 19-32.
12. Merve Gangal, Arif Yilmaz. The effects of pedagogical documentation on preschool teachers' classroom management skills. *Teaching and Teacher Education*. Volume 133, October 2023, 104289. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X23002779>
13. Lena, A., Marit, A. (2024). Supporting school leaders in leading school development: an action research project. *Educational Action Research*. 32(3), 548-563.
14. Markovic, L., Petrovic, A., Mariokov, M.J. (2015) Modernizing curricula at the higher education level through blended learning. 7th international conference on education and new learning technologies. Barcelona, Spain, P. 7936-7945. <https://library.iated.org/view/MARKOVIC2015MOD>
15. Garth, S., Stig-Börje, A., Laura, S. (2024). Investigating the role of identity versatility in the discursive production of working-class boyhood, learner identities and educational engagement. *Review of Education, Pedagogy and Cultural Studies*, 46(4), 622-642.
16. Lauren, E., Chrystine, M. (2023). A self-study of an inter-university partnership to integrate technology into instruction. *Technology, Pedagogy and Education*, 32(5), 569-588.
17. Gaming in Education: Exploring the Benefits of Gamification in Learning. [Electronic resource]. Available at: <https://k8school.com/gaming-in-education/> (қаралған күні: 17.06.2024)
18. Hakobyan Anna A., Ghonyan Meline S. Games and Activities as a Means of Stimulating the Cognitive Interests of Young School Students // *Cross-Cultural Studies: Education and Science*. – 2023. – Vol.8. – Issue 3. – P. 113-118
19. Van Kessel, C., Jones, K., Plots, R., Edmondson, K., & Teo, A. (2024). High school social studies teachers and their tactics for justice. *Critical Education*, 15(1), 52-73. DOI: <https://doi.org/10.14288/ce.v15i1.186783>
20. Pomme van de, W. (2024). Tensions in the pursuit of equal opportunities: A case study of an innovative secondary school. *British Educational Research Journal*, 50(5), 2407-2421.
21. Hussein, F., Mathew, N., Emad B., Shini G. (2024). The Evaluation of Internship in the Digital Information Age: A Case Study. *International Journal of Online Pedagogy and Course Design (IJOPCD)*, 14(1), 1-25.

Д.А.Ердембекова^{1*}, А.И. Булшекбаева², Айхан Урал³

^{1,2}*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан*

³*Университет Гази, Анкара, Турция*

Развитие игровой деятельности детей старшей группы на основе реджио-педагогики

Аннотация. Исследование посвящено проблеме развития игровой деятельности детей старшей группы в дошкольных организациях на основе реджио-педагогики. Реджио-педагогика представляет собой инновационную образовательную систему, направленную на личностное развитие детей через поддержку их естественного интереса и творческих способностей. Этот педагогический метод дает детям возможность исследовать свое окружение, развивать творческие способности и осваивать социальные навыки. Игровая деятельность рассматривается как основной инструмент когнитивного, эмоционального и социального развития детей.

В ходе исследования дети старших групп дошкольных организаций были разделены на контрольную и экспериментальную группы, которым предлагались различные виды игр. В экспериментальной группе использовались методы реджио-педагогики, игры были организованы с целью активного участия детей, повышения их творческой и познавательной активности. Результаты исследования показали, что уровень участия в игре, творческие способности и навыки социального взаимодействия у детей экспериментальной группы были выше, чем у детей контрольной группы. Это особенно проявлялось при работе в группе, проявлении инициативы в игре и решении творческих задач.

Результаты исследования доказывают эффективность внедрения реджио-педагогики в систему дошкольного образования Казахстана. Этот метод способствует личностному развитию детей, улучшению их когнитивных и социальных навыков. Исследование предлагает более широкое использование игровой деятельности и педагогических ценностей реджио-педагогики в процессе дошкольного образования.

Ключевые слова: дошкольник, старшая группа, социальные навыки, реджио-педагогика, дошкольная организация, игровая деятельность, педагог-воспитатель.

D. Yerdembekova^{1*}, A. Bulshekbayeva², Ayhan Ural³

^{1,2}*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

³*Gazi University, Ankara, Turkey*

Development of the game activity of children of the adult group based on Reggio pedagogy

Abstract. The research is dedicated to the issue of developing play activities among senior group children in preschool organizations based on the Reggio Emilia approach. Reggio pedagogy is an innovative educational system aimed at the personal development of children by supporting their natural curiosity and creative abilities. This pedagogical method allows children to explore their environment, enhance creative skills, and acquire social competencies. Play activity is considered a key tool for children's cognitive, emotional, and social development.

In the course of the study, senior group children from preschool organizations were divided into control and experimental groups, and various types of games were offered to them. In the experimental group, Reggio pedagogy methods were used, with games organized to promote active participation, increase children's creative and cognitive activity. The research results showed that the level of engagement in play, creative abilities, and social interaction skills were higher in the experimental group than in the control group. This was especially evident in group work, taking initiative during play, and solving creative tasks.

The results of the study prove the effectiveness of implementing the Reggio Emilia approach in Kazakhstan's preschool education system. This method contributes to children's personal development and the enhancement of their cognitive and social skills. The study suggests a wider use of play activities and the pedagogical values of Reggio Emilia in the preschool education process.

Keywords: preschooler, senior group, social skills, Reggio Emilia, preschool organization, play activity, educator.

References

1. "Barshaga qoljerimdi sapaly bilim" Ulttyq bayandama jobasy [National Report Project "Quality Education for All"]. Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan, 27.09.2023.
2. Mektepke deiingi tarbie men oqytudyn memlekettik jalpyga mindetti standarty [State Compulsory Standard for Preschool Education and Training]. Order No. 348 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan, 03.08.2022.
3. Mektepke deiingi tarbie men oqytudyn ulgilik oqy bagdarlamasy [Model Curriculum for Preschool Education and Training]. Order No. 422 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan, 14.10.2022.
4. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2021 jylgy 15 nauryzdagy No. 137 qaulysymen bekitilgen Mektepke deiingi tarbieleu men oqytudy damytu modeli [Model for the Development of Preschool Education and Training, approved by Resolution No. 137 of the Government of the Republic of Kazakhstan, 15.03.2021].
5. Mektepke deiingi, orta, tehnologiyalyk zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023-2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasyn bekitu turaly [On the Approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical, and Vocational Education for 2023-2029]. Resolution No. 249 of the Government of the Republic of Kazakhstan, 28.03.2023.
6. Erdembekova D.A. Mektepke deiingi oqytu men tarbieleudegi Redjio pedagogikasy (balanyn 100 tili) [Reggio Pedagogy in Preschool Education and Upbringing (The Hundred Languages of Children)]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2024. – 188 p.
7. Lee J., Sagastui J., Mischo C., Masters A.S., Peters S., Wolstein K., Golinkoff R.M., Hirsh-Pasek K. Understanding cross-cultural differences in pedagogical beliefs: A comparison among South Korean, Spanish, and German early childhood teachers. *Teaching and Teacher Education*, 2024, Vol. 148, 104704. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X24002361> (Accessed: 17.06.2024).
8. Erdembekova D.A., Bulshekbayeva A.I., Satkenova Zh.B. Mektepke deiingi eressek zhastagy balalardyn aleumettik dagdysyn Redjio Emiliya tehnologiyasy negizinde damytudyn otandyk zhane sheteldik

taezhiribesi [Domestic and Foreign Experience in Developing Social Skills of Older Preschool Children Based on the Reggio Emilia Approach]. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, No. 3 (409), May – June 2024, pp. 62-76. DOI: <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.752>.

9. Aubakirova Zh.Q. Mektep zhasyna deiingi balalarmen karym-katynas treningin uyymdastyrudyn psikhologiyalyk-pedagogikalyk negizderi [Psychological and Pedagogical Foundations for Organizing Communication Training with Preschool Children]. PhD dissertation. – Astana, 2001. – 158 p.

10. Edwards C. The Hundred Languages of Children: The Reggio Emilia Approach-Advanced Reflections. Early Childhood Research & Practice, 1998. Available at: <https://eric.ed.gov/?id=ED425855>.

11. Svensson F. The (Im)possibility of Education: Theory and Method in Paolo Freire's Pedagogy of the Oppressed and Gayatri Spivak's Righting Wrongs. Dialogic Pedagogy: A Journal for Studies of Dialogic Education, 2024, Vol. 12(1), pp. 19-32.

12. Gangal M., Yilmaz A. The effects of pedagogical documentation on preschool teachers' classroom management skills. Teaching and Teacher Education, Vol. 133, October 2023, 104289. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X23002779>.

13. Lena A., Marit A. Supporting school leaders in leading school development: an action research project. Educational Action Research, 2024, Vol. 32(3), pp. 548-563.

14. Markovic L., Petrovic A., Mariokov M.J. Modernizing curricula at the higher education level through blended learning. 7th International Conference on Education and New Learning Technologies, Barcelona, Spain, 2015, pp. 7936-7945. Available at: <https://library.iated.org/view/MARKOVIC2015MOD>.

15. Garth S., Stig-Börje A., Laura S. Investigating the role of identity versatility in the discursive production of working-class boyhood, learner identities, and educational engagement. Review of Education, Pedagogy and Cultural Studies, 2024, Vol. 46(4), pp. 622-642.

16. Lauren E., Chrystine M. A self-study of an inter-university partnership to integrate technology into instruction. Technology, Pedagogy and Education, 2023, Vol. 32(5), pp. 569-588.

17. Gaming in Education: Exploring the Benefits of Gamification in Learning. [Electronic resource]. Available at: <https://k8school.com/gaming-in-education/> (Accessed: 17.06.2024).

18. Hakobyan A.A., Ghonyan M.S. Games and Activities as a Means of Stimulating the Cognitive Interests of Young School Students. Cross-Cultural Studies: Education and Science, 2023, Vol. 8(3), pp. 113-118.

19. Van Kessel C., Jones K., Plots R., Edmondson K., Teo A. High school social studies teachers and their tactics for justice. Critical Education, 2024, Vol. 15(1), pp. 52-73. DOI: <https://doi.org/10.14288/ce.v15i1.186783>.

20. Pomme van de W. Tensions in the pursuit of equal opportunities: A case study of an innovative secondary school. British Educational Research Journal, 2024, Vol. 50(5), pp. 2407-2421.

21. Hussein F., Mathew N., Emad B., Shini G. The Evaluation of Internship in the Digital Information Age: A Case Study. International Journal of Online Pedagogy and Course Design (IJOPCD), 2024, Vol. 14(1), pp. 1-25.

Авторлар туралы мәлімет:

Ердембекова Динара Амангельдыевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының докторанты, Алматы, Қазақстан.

Булшекбаева Асем Исаевна – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология факультеті, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы, Алматы, Қазақстан.

Айхан Урал – философия докторы (PhD), Білім беру факультеті, Гази университеті, Анкара, Түркия.

Сведения об авторах:

Ердембекова Динара Амангельдиевна – докторант специальности 8D01201 – Дошкольное обучение и воспитание, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Булшекбаева Асем Исаевна – доктор философии (PhD), и.о. ассоциированного профессора, факультет педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кафедра дошкольного образования и социальной педагогики, Алматы, Казахстан.

Айхан Урал – доктор философии (PhD), факультет образования, Университет Гази, Анкара, Турция.

Information about authors:

Yerdembekova Dinara – PhD student, specialty 8D01201 – Preschool Education and Training, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Bulshekbayeva Assem – Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor, Faculty of Pedagogy and Psychology, Department of Preschool Education and Social Pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Aykhan Ural – Doctor of Philosophy (PhD), Faculty of Education, Gazi University, Ankara, Turkey.